

УДК 008 (091)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КОДЫ МЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ

Шантай Марал Мұратқызы

Maral2211@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Философия кафедрасы,
Мәдениеттану мамандығының 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ. Данысбекова

Адам өмірінің көпқырлы салалары мен формаларында көрініс тапқан шығармашылық күштері мен қабілеттері, идеалдары мен құндылықтары, сондай-ақ қоғамның рухани дамуының тарихи қалыптасқан деңгейі ретіндегі мәдениеттің ерекшелігі, дәстүр мен жаңашылдықтың өзара үзілмес байланысында жатыр. Ұлттың дүниетанымдық, мәдени дәстүрлерін сақтау және кейінге қалдырудың, олардың үздіксіз дамуы мен жаңартылуының негізгі тәсілі, оның ұлттық мәдени коды болып табылады.

Ұлттық код – халықтың тарихи дамуы барысында ғасырлар бойы өңделген, халықтың ділі мен рухани-өнегелік мұрасын сипаттайтын бірегей архетиптер, бейнелер және құндылықтар жүйесі.

Мәдени (ұлттық) код – халықтарға ата-бабаларынан мұра ретінде қалған, сол мәдениетті түсінуге мүмкіндік беретін бірегей кілт. Мәдениетті ұғынуға, тануға көмектесетін белгілі-бір формада кодталған ақпарат [1, 126].

Халықтың негізгі құндылықтары қалыптастырған ұлттық код, ұлттың дүниетанымын, ұлттың болмысын айқындайды. Ол адамдардың өзін-өзі тануларының жалпы қабылданған нормалары болып табылатын, тұтастай динамикалық эволюцияланушы рухани-өнегелік, отбасылық-тұрмыстық, табиғи-географиялық, шаруашылық-экономикалық, геосаяси және геоэкономикалық ерекшеліктеріне біріктірілетін тарихи қалыптасқан және даму үстіндегі әлеуметтік-мәдени коммуникациялар түрінде көрініс табады. Бұл жағдай адамдардың этникалық сипатына тәуелсіз болып табылады және ұрпақтан ұрпаққа білім беру мен тәрбие

арқылы беріліп, халықтың тарихи жадының сақталуы мен қайта жаңғыруына әсер етеді. Ұлттық код, мінез-құлық стереотиптерінің, өмірлік ұстанымдарының, әлеуметтік болжалдардың, индивидтердің, белгілі-бір халықтың өзіндік ерекшелігіне байланысты мәдени-өркениеттің шеңберіне сай әлеуметтік топтардың дүниетанымдық және өмірлік көзқарастарының қалыптасуындағы адамды қалыптастырушы және адамды асқақтатушы рөлге ие сапалы универсальды сипаттармен ерекшеленеді.

Әр мәдениеттің өзіндік ұлттық мәдени коды бар. Клотер Рапай өзінің «Мәдени код» атты кітабында: «Мәдени код – ол белгілі-бір заттың немесе құбылыстың бейсаналы мәні. Әр елдің мәдениеті әртүрлі дамыған. Сол себепті, бір затты немесе құбылысты әр халық өзіне тән кодпен – бейсаналы мәнмен түсінеді [2, 76].

Ұлттық мәдени кодтың ажырамас бөлігі, мемлекеттің идеологиясында көрсетілген дүниетанымдық-идеологиялық ұстанымдар болып табылады. Идеология қоғамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Себебі, жеке адамдар мен әлеуметтік топтарға, адам мен қоғам дамуының мәні мен мақсатын, қызметтердің түрлі салаларындағы стратегиясын, алға қойылған мақсаттарға жету жолдарын анықтауға көмектеседі. Ол халықтың тарихи тәжірибесінен туындап, оның салт-дәстүрлері мен құндылықтарына негізделеді, оның байырғы мүдделерін білдіріп, саясаттың мақсаттарын және оған жету жолдарын анықтайды. Идеология – адамның, қоғам мен мемлекеттің дамуы мен оған жету жолдары туралы идеялар, көзқарастар мен ұстанымдар жүйесі. Идеология көпқырлы әрі көпқабатты құбылыс, оның құрамдас бөліктері кейбір сәттерде бір-бірімен байланыспауы мүмкін. Оның құрамында маңызды мәнге ие – ұлттық идея, ол өз кезегінде ұлттың мәдени кодының құрамына кіреді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа жолдауында: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді.

Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» - деп айтып кеткен болатын [3].

Мәңгілік Ел идеясы қазақ халқының ғана емес, біздің елде тұрып жатқан өзге де халықтардың идеясы болып табылады. Өзіндік терең мәні бар ұлттық идея, халықтың мүддесін, оның арманы мен үмітін бойына сіңіреді. Біздің халқымыздың мәдени бірегейлігінің, ұлттық идеясының және жоғары азаматтық ұстанымының көпқырлы және көп аспектілі рухани-өнегелік және құндылықты синтезі, ұлттық кодта көрініс тауып, жарқын болашақты жүзеге асырады.

Өзіміздің ұлттық кодымыздың ерекшелігі туралы ойланғанда, дербес мемлекет болу жолында орын алған ұлттық және әлеуметтік азаттық үшін қиын күреске толы бірегейлік пен менталитеттің, өмір сүру қағидаларының, салт-дәстүрдің оған айтарлықтай әсер еткені жайлы қорытындыға келеміз. Бұның бәрі, қазақ мәдениетінің өмірі мен жаратылыстарында бейнеленген, қазаққа ғана тән қасиеттерді, қазақ мәдениетіндегі қабылдау, түсіну секілді ерекше рухани көріністі тудырады.

Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды»[4] – деп, қазақ ұлтының мәдени коды мен оның біз үшін маңызын айтқан еді. Қазақтың ұлттық коды – халықтың жаратылысымен, табиғатымен, рухани бітімімен біте қайнасқан, оның болмысы, ішкі рухани өзегі. Ұлтымыздың мәдени кодында ізгілік, адалдық, имандылық, инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен қарастырылып, молынан қамтылған.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы ең алдымен, халқымыздың, еліміздің біртұтас ұлт болуын мақсат етіп, осы жолдағы ұлттың рухани болмысымыздың мәнінің, негізгі құндылықтарының сақталуын, болашақ ұрпаққа мирас болып қалатын мол мұрамыздың сипатының қандай болуы керек екендігін көрсетеді.

Этникалық жадыны ұлттың рухани келбетінің «өзегі», орталығы ретінде қарастыруға болады. Күрделі эволюциялық жүйелерді синергетика аясында зерттеген кезде ғалымдар өткен кезең турады ақпарат оның ортасында сақталатындығын анықтаған. Этноәлеуметтік жады «ұлттық-генетикалық код» болып табылатыны белгілі, ол тарих, оның дамуының кезеңдерін, ұлттың этникалық әлеуетін, тіршілік етуінің жағдайын білдіреді» [5, 112б].

Ұлттық код, ұлттың генотипін анықтаушы құрылым ретінде, өзіндік мәдени феномен болып табылатын негізгі бөліктерден тұрады. Олар: мұра, салт-дәстүр, тіл, діл, тұрмыстық жүйесі. Бұл элементтер бір-бірімен тығыз әрі үздіксіз байланыста болған кезде ғана «ұлттық кодты» құрайды. Бір элементтің ұмытылуы немесе өзгеруі, ұлттық кодтың өзгеруіне әкеліп, соңында ұлттық бірегейліктің жойылуына, этникалық жадтың өзгеріске ұшырап, халықтың мәдени генотипінің күйреуіне алып келеді.

Ұлттың бірегейлігін сақтаудың маңызды факторы ретінде тарихи жадыны қалыптастыру саналады деп ойлаймыз. Бірегейлік ұлттың өз тарихын, осы күнгі жағдайы мен ықтимал және қалаулы басымдықтарының мәнін түсіну арқылы құрастырылады. Бірақ, ұлттың тарихы адам санасымен тығыз байланысты болғандықтан, ұлттық сана, ұлттық мүдде, ұлттық мінез, ұлттық намыс арқылы қалыптасып жүретіндігін ұмытпағанымыз абзал.

Ұлттық сана – ұлтты құрайтын халықтың әр адамының жеке тұрмыс- тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлау қабылетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы қоғамға тән ортақ сипатқа ие болған ұжымдық түрі, яғни, ұжымдық сана.

Ұлттық мүдде – ұлттың құрамындағы халықтардың (адамдардың) өздеріне тән халықтық рухани-мәдени және материалдық құндылықтарын сақтай отырып, ұлттың ілгері дамуын, өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейтін негізгі нысаналы ортақ мақсаты.

Ұлттық намыс – ұлтты құрайтын халықтың әрі адамының ұлтқа қатысты айтылған кез-келген кемсітушілікті, ұлтқа қарсы жасалған іс-әрекетті бейне өзіне бағытталғандай қабылдап, соған қарсы жан дүниесінде пайда болған сезімнің буырқанған серпілісінің жалпы халықтық сипатқа айналған ұжымдық түрі [6, 28-32б].

Ұлттық кодты, ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталған дәстүрлі құндылықтарды қолдау, сондай-ақ жаңа құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту, жоғарыда атап көрсетілген ұлттық сана, мүдде, мінез, мәдениет, намыс секілді құбылыстармен тікелей байланысты.

Ұлттық код, Қазақстан Республикасының жаңа мәдени саясаты мен рухани жаңғырудың түп-тамыры ғана емес, бірлік пен бірегейлікті басты міндет ретінде қарастыратын Еуразия мәдениетінің маңызды өзегі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кононенко Б.И. Большой толковый словарь по культурологии. М: Вече, 2003 – 512 с.
2. Рапай К. Культурный код. Как мы живем, что покупаем и почему. - СПб.: Альпина Бизнес Букс, 2008 год. 167 стр.

3. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан газеті. №11, 14 қаңтар, 2014 жыл.
4. Назарбаев, Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егемен Қазақстан, 12 сәуір, 2017 жыл.
5. Әубәкірова С., Ахметова Г., Қапшышева Б. Этникалық жадының ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі. Әл-Фараби журналы. №3, 2018 жыл. – 186 бет.
6. Салғараұлы Қ. Елдік негіздері. – Астана. 2007. – 80 бет.